



№28 (10731)
жұма
17 сәуір
2026 жыл

TALAS tynysy

Talas айдандық газети



talas-gazet.kz

Gazet 1934 jyldyń 1 qazanynan shyǵady

E mail: talas-gazet@mail.kz

Мемлекет басшысы БҰҰ Бас хатшысының Су ресурстары жөніндегі арнаулы өкілі Ретно Марсудиді қабылдады



Кездесуде су ресурстарының жаһандық және өңірлік күн тәртібіндегі негізгі мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан үшін су орнықты даму, экологиялық қауіпсіздік және өңірдегі тұрақтылықпен тікелей байланысты стратегиялық ресурс саналатынын атап өтті.

Президент саладағы халықаралық ынтымақтастықтың анағұрлым тиімді архитектурасын қалыптастырудың маңызы ерекше екеніне назар аударды.

Осы орайда Мемлекет басшысы БҰҰ аясында Халықаралық су ұйымын құру жөнінде көтерген бастамасына арнайы тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бұл кадам су ресурстарын ұтымды пайдалану, су проблематикасына қатысты сын-қатерлер бойынша халықаралық үйлестіру тетігін кеңейту және орнықты шешімдерді ілгерілету жөніндегі жаһандық күш-жігерге тың серпін береді.

Алдағы күндері Астанада өтетін Өңірлік экологиялық саммитте аталған құрылымды қалыптастыру параметрлері мен перспективасын егжей-тегжейлі талқылауға бағытталған халықаралық консультациялардың алғашқы кезеңін бастау жоспарланып отыр.

Сонымен қатар биыл желтоқсан айында Абу-Дабиде өтетін Су ресурстары жөніндегі БҰҰ конференциясы саладағы түйткілдерді шешудің өзара келісілген тәсілдерін әзірлейтін алаң рөлін атқаратынын айтылды.


Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ретно Марсуди Орталық Азия өңірінде су ресурстарын тиімді пайдалану мәселесі жөнінде пікір алмасты.

Akorda.kz

«Ауыл – Ел бесігі»: Жамбыл облысында 1 073 жоба іске асырылды

Жамбыл облысында 2019-2025 жылдар аралығында «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында 189 ауылда жалпы құны 81,9 млрд теңгені құрайтын 1 073 жоба жүзеге асырылды. Бұл туралы облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Сандуғаш Абдралиева мәлімдеді.

«Ауыл – Ел бесігі» жобасы 2019 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Жобаның негізгі мақсаты – ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын арттыру, елді мекендерді тұрақты дамыту.



Соңғы алты жылда өңірдегі елді мекендердің әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымы айтарлықтай жақсарды. Атап айтқанда, 71 білім беру, 35 денсаулық сақтау, 54 мәдениет, 51 спорт және 85 коммуналдық-шаруашылық нысаны пайдалануға берілді. Сонымен қатар жалпы ұзындығы

892 шақырымды құрайтын 776 ауылшілік көше орташа жөндеуден өтті.

Биыл өтпелі 19 жобаны іске асыру жоспарлануда.

Байзақ ауданының Қосақ, Жамбыл ауданының Тоғызтарау, Т. Рысқұлов ауданының Қарақат, Шу ауданының Төле би және Еңбекші ауылдарындағы 7

мектепке жапсарлас ғимараттар салынады.

Сондай-ақ Жуалы ауданының Нұрлыкент, Көлтоған, Қарасаз, Т.Рысқұлов ауданының Құлан, Қордай ауданының Үлкен Сұлутөр, Шу ауданының Жаңажол және Шоқпар ауылдарында 8 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін пайдалануға беру көзделіп отыр.

Бұдан бөлек, Жамбыл ауданының Бесағаш, Талас ауданының Ойық және Үшарал ауылдарында 3 мәдениет үйі ашылады деп жоспарлануда.

Көлік инфрақұрылымы саласында да бір жобаны жүзеге асыру көзделген.

Айта кетейік, облыстағы 357 елді мекенде 1 216,1 мың адам тұрады. Оның ішінде 353-і ауылдық елді мекен болса, онда 678,3 мың адам немесе өңір халқының 55,8 пайызы қоныстанған.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

«ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰРА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ - 2026



2026 жылғы 25 сәуірде «Қызғалдақ мұра» халықаралық фестивалі Жамбыл облысы, Талас ауданында өтеді.

Іс-шара өңірді Грейг қызғалдағының отаны ретінде танытуға және биоалуантүрлілікті сақтауға бағытталған.

Фестивальде «Қымызмұрындық» рәсімі, қолөнер көрмесі, жәрмеңке, ұлттық ойындар мен концерттер ұйымдастырылады.

Сондай-ақ, Нидерланд Корольдігі тарапынан 40 000 қызғалдақ тұқымы сыйға беріледі. Бұл шара туризмді дамытуға және халықаралық мәдени-ғылыми байланыстарды нығайтуға ықпал етеді.

25 апреля 2026 года в Жамбылской области Таласского района пройдет международный фестиваль «Қызғалдақ мұра».

Фестиваль направлен на продвижение региона как родины тюльпана Грейга и сохранение биоразнообразия.

В программе: «Қымызмұрындық», ярмарка, выставки, национальные игры и концертная программа.

Помимо того, Королевство Нидерландов передадут в подарок 40 000 луковиц тюльпанов. Мероприятие будет способствовать развитию туризма и международного сотрудничества.

ҚҰРМЕТТІ
ҚАРАТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ
ТҮРҒЫНДАРЫ!

«АУЫЛ АМАНАТЫ»

ЖОБАСЫ БОЙЫНША ӨТІНІШ
ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ.

ТӨМЕН ПАЙЫЗБЕН
НЕСИЕ

ӨЗ КӘСІБІНІЗДІ БАСТАУҒА
МҮМКІНДІК

ӨНДІРІСТІК КӘСІП ЖӘНЕ
БАСҚА БАҒЫТТАР

ҚАТЫСУ ҮШІН:

Қала тұрғыны болуыңыз керек

Кәсіп бастауға ниетіңіз болуы қажет

Толық ақпарат алу үшін
Қаратау қалалық әкімдігінің
2-қабат, 217-кабинетіне
хабарласыңыз.

Байланыс телефоны:

8 (72644) 4-01-34

МҮМКІНДІКТІ ЖІБЕРІП АЛМАҢЫЗ!

ЖАЗЫЛЫМ - 2026

Құрметті оқырман!
«TALAS tynysy»
газетіне 2026 жылдың
II жартыжылдығына жазылу басталды

Редакция арқылы жазылу 6 айға:

Қала және ауыл аймақтар бойынша -
2500 теңге.

«Қазпошта» мекемесі арқылы 6 айға:

Қала және ауыл аймақтар
бойынша - 3996,48 теңге.



КОНГО-ҚЫРЫМ ГЕМОМРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫ

Конго-Қырым геморагиялық қызбасы – вирусты табиғи-ошақты трансмиссивтік жолмен берілетін аса қауіпті, жоғары контагиоздық жұқпалы ауру.

Негізгі қоздырғышын тасымалдаушы, вирусты сақтаушы – иксодты кенелер және сүт қоректі жануарлар.

Адамға инфекция вирус тасымалдаушы кенелер шаққан, оны денде сығып өлтірген кезде, я болмаса наукас адамның қаны мен басқа да биологиялық сұйықтықтары теріге және сілемейлі қабықтарға түскен кезде, малды қырыққанда және оларды кенелерден қолмен тазартқан кезде кенелердің ішіндегісінің дененің ашық бөліктеріне түсуі нәтижесінде, наукастарды күткенде және оларға медициналық көмек көрсету кезінде жұғуы мүмкін.

Инкубациялық кезеңі екі аптаға созылады. Конго-Қырым геморагиялық қызбасының негізгі белгілеріне жоғарғы дене қызуы, бас және бұлшық еттері ауруы, құсу, диарея, геморагиялық бөртпе, қан құйылу, қызыл иек, мұрын, құлақ, жатыр, асқазан-ішекке қан кетулер белгісі тән. Дер кезінде медициналық көмекке жүгінбеген жағдайда наукастың өміріне қауіп төнеді.

Жамбыл облысында орналасқан Конго-Қырым геморагиялық қызбасының табиғи ошақтарында инфекция



ареалының ұлғаюын және оның облыс аумағына әкеліну қаупінің жоғарғы деңгейін ескеріп эпидемиологиялық мониторинг ұдайы жүзеге асырылады.

Кене шаққан әрбір адам тұрғылықты жері бойынша емдеу мекемесіне тез арада қаралып, 14 күн ішінде диспансерлік бақылауда болуы қажет. Медициналық бақылау Конго-Қырым геморагиялық қызбасымен наукастарды ерте анықтау және жұқпаның одан әрі таралуын болдырмау мақсатында жүргізіледі.

Денеге қадалған кенені пицетпен немесе жіппен алып тастайды. Кенені теріге жақын тұмсығынан жағдайда наукастың өміріне қауіп төнеді. Жамбыл облысында орналасқан Конго-Қырым геморагиялық қызбасының табиғи ошақтарында инфекция

өңдеп, қолды сабындап жуу қажет. Кенелерді жалаң қолмен алып тастауға және жаншуга болмайды.

Жануарлармен байланыста болатын адамдар тек қорғаныс киімінде жұмыс істеп, мал мен үй-жайларды арнайы дәрі-дәрмектермен өңдеу қажет. Кенеге қарсы өңдеулер кене шағу қаупін азайту және олар тарататын қауіпті аурулардың алдын алу үшін қажет.

Адамдар табиғат аясына барған кезде репеленттерді қолдану, кене шағудан сақтанудың келесі ережелерін білуі қажет:

- кененің киімнің астына кіруі мүмкіндігін азайтатын киімді кию;
- киімге жабысқан кенелерді анықтау үшін

өзін және бірін-бірі әрбір 10-15 минут сайын үнемі қарап отыруы;

- кенелердің жанасуын болдырмау үшін шөпке отырмау және жатпау;
- табиғат аясынан оралғаннан кейін киімді және денені толықтай қарап шығу;
- кенелер болуы мүмкін екенін ескере отырып, тұрғын жай және өндірістік бөлмелерге жанадан жұлынған шөптерді, бұтақтарды және сырт киімдерді әкелмеу;
- кенелерді жасқан-дыратын арнайы дәрі-дәрмектерді пайдалану қажет.

Аталған қауіпсіздік ережелерін орындай отырып, Конго-Қырым геморагиялық қызбасын жұқтырудан сақтануға ұстағынын ұмытпаған абзал!

Г.МАХАНОВА,
Талас аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

ОРМАНДЫ ӨРТТЕН САҚТАЙЫҚ

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің өрт қаупі бар маусымды белгілеу туралы 26.03.2026 ж. № 27-3/76-НҚ бұйрығында көрсетілгендей мемлекеттік орман қоры жерлерінде өрт қаупі бар маусым 2026 жылдың наурыз айының 26-шы жұлдызына белгіленді. Өрт қаупі кезеңі басталғанға дейін орманшы-қорықшылар және өрт сөндіру командалары сынақтан өткізіліп, алғашқы өрт сөндіру құрал – саймандарымен қамтамасыз етіліп, авто, трактор техникаларын бекітіп және мемлекеттік орман қоры аймағында өрт туралы хабар беріп тұратын (рация) байланыс құралдарымен тұрақты хабарға шығып тұру ұйымдастырылды.

Атап айтар болсақ Ақкөл мемлекеттік мекемесі жанында ормандағы өрт сөндіру станциясы жұмыс істейді. Бөлімше 1-ші және 2-ші типтегі ормандағы өрт сөндіру станциясы болып бөлінеді. 1-ші типтегі ОӨС-сы жеке құрамы 24 адамнан, 2-ші типтегі ОӨС-ның жеке құрамы 14 адамнан жалпы саны 38 өрт жасақшысынан құрылған. Өрт сөндіруге арналған маркасы УАЗ 330365-441, АЦ-0,9, ЯС-Т6, ГАЗ-27527 автокөлігі толық дайындықта тұр. Орман қоры аумағында орнатылған барлық орман бақылау бекеттері мен өрт бақылау мұнараларын жөндеуден өткізіліп, жанар-жағар май материалдарының резервтік қорын құруды табиғат қорғау мен өртке қарсы үгіт насихат тақырыбындағы барлық көрнекті тактайшалар жанарту (аншлап, панно т.б.) өртті болдырмау және олардың алдын алу, уақытылы хабар беру жеделдетіп жолға шығу т.с.с нұсқамалар оқытылып, жаттығулар өткізіліп жатыр. Табиғатымызды аялап өрттен қорғайық.

Орман өрттерінің болуының негізгі себептері мыналар: сөндірілмеген шылым не сіріңке, аңшылықтың салдары, орман қорындағы қараусыз қалған от көздері. Табиғатымызды аялап өрттен қорғайық

Самат ЖУАСБАЕВ,
Ақкөл ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі ҚММ Орман күзету және қорғау инженері.

ҚҰРМЕТТІ МАЛ ИЕЛЕРІ МЕН ШАРУАШЫЛЫҚ БАСШЫЛАРЫ!

Қазіргі уақытта аудан бойынша жоспарлы вакцинация (егу) және қан сынақтарын алу жұмыстары жүргізілуде. Қазақстан Республикасының ветеринария туралы Заңының 25-бабына сәйкес малдарыңызға ветеринариялық іс-шаралар жүргізілуіне ықпал етіп, міндеттеріңізді орындауға шақырамыз.

Сонымен қатар ауыл шаруашылық малдарын бірдейлендіру ережесіне сәйкес жаңа туған төлдеріңізге сырга және чип салдыруларыңызды

сұранамыз. Ауыл шаруашылық малдарын бірдейлендіру базасында интеграцияның жүргізілуіне байланысты жаңа туған төлдерге сырга, чип салдырып, базаға енгізу мал иесі үшін маңызды.

Сондай-ақ, осы шараларды орындамаған немесе орындаудан бас тарту Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің негізінде айыппұл салынатынын ескертеміз.

Талас аудандық ветеринариялық бөлімі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық Мемлекеттік кәсіпорнының Жамбыл филиалы «Ақкөл» өндірістік бөлімшесі Талас ауданының ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге және бюджеттік мекемелерге табиғи тау суының 2024-2028 жылдар аралығындағы жаңа тарифтік бағасын хабарлайды.

«Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің «Қазушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының реттеліп көрсетілетін арналар арқылы су беру жөніндегі қызметіне тарифтер мен тарифтік сметаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Астана қаласы бойынша департаментінің 2023 жылғы 13 қарашадағы №94-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Тұтынушылар тобы	Өлшем бірлігі	2024	2025	2026	2027	2028
Орташа босату тарифі 1 текше метр үшін ҚКС-сыз, оның ішінде:	теңге/м³	3,655	4,014	6,017	7,152	7,428

Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші

Механикаландырылған сумен жабдықтау	Теңге/м³	36,339	39,907	59,820	71,100	74,150
Арналар арқылы су беру	теңге/м³	0,956	1,050	1,560	1,860	1,940

Су арналары, бюджеттік ұйымдар

Механикаландырылған сумен жабдықтау	Теңге/м³	28,503	31,302	46,920	55,770	58,160
Арналар арқылы су беру	теңге/м³	1,071	1,176	1,760	2,100	2,180

Келісім-шартқа түру үшін қажетті құжаттар: Ш/Қ төрағасы немесе төрайымының жеке басын растайтын куәлік, Гос Акт, Қаулы, ЭЦП кілтөчкерек. **Құжаттар мына мекен-жай бойынша қабылданады:** Жамбыл облысы, Талас ауданы, Ақкөл ауылы, Абай көшесі №91. Байланыс нөмірі: 8 777 212 55 65.

Ескерту: келісім-шартқа отырмаған шаруа қожалықтарына қызмет көрсетілмейді.

А.АХМЕТОВ
«Ақкөл» өндірістік бөлімшесінің бастығы.

Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің ұжымы «AMANAT» партиясы Талас аудандық филиалының төрағасы, колледждің бұрынғы директоры Мәселбеков Докторбек Манатбекұлына әкесі **Манатбек МӘСЕЛБЕКҰЛЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«KARATAU LIME» ЖШС Қаратау қаласында орналасқан цемент зауыты базасында, тәулігіне 500 тонна өнім шығаратын кесек әк өндіру цехын салу» жобасының Ықтимал әсерлер туралы есебі бойынша ашық жиналыстар түріндегі қоғамдық тыңдау өткізіледі. Жер учаскесінің географиялық координаттары: 1. 43° 9'29.82", 70°29'38.52"; 2. 43° 9'24.21", 70°29'46.73"; 3. 43° 9'19.31", 70°29'41.86"; 4. 43° 9'25.82", 70°29'34.05".

Қоғамдық тыңдаудың мекен-жайы, өтетін орны: ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы, Тамды Әулие көшесі, 11, (бұрынғы «Авангард»кинотеатр ғимараты)

Күні және уақыты: 02.06.2026 жыл, сағат 10:00. Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «KARATAU LIME» ЖШС, БИН 240640028044, ҚР, Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы, Арбатас көшесі, 9Б, эл.пошта: kuzubayev.t@gmail.com, ұялы тел. +7 705111 66 71.

Жобаны әзірлеуші: «Пасечная И.Ю.» ЖК, ҚР, Жамбыл облысы, Тараз қ., Қаратау (2) ш/а, 12-үй, 31-пәтер, тел.: 8 701 739 28 27, эл.пошта: inna_1310@inbox.ru.

Қоғамдық тыңдауға шығарылатын материалдармен НБД СОС және ПР сайтында (<https://ndbecology.gov.kz>), сондай-ақ Жамбыл облысы әкімдігінің ресми сайтында (<https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/documents/1?lang=ru>) танысуға болады.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары <https://ndbecology.gov.kz> сайтында және келесі мекенжай бойынша қабылданады: Тараз қ., Абай даңғылы, 133а, «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, эл.пошта: s.agabek@zhambyl.gov.kz.

Qosyl платформасы арқылы қосымша сілтемесі: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=985788893616>.

Жиналыс идентификаторы: 985-788-893-616.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Общественные слушания в форме открытых собраний проводятся по проекту «Отчет о возможных воздействиях» «Строительство цеха по производству комовой извести ТОО «KARATAU LIME» мощностью 500 тонн в сутки на базе цементного завода в г.Каратау». Географические координаты участка: 1. 43° 9'29.82"С 70°29'38.52"В; 2. 43° 9'24.21"С 70°29'46.73"В; 3. 43° 9'19.31"С 70°29'41.86"В; 4. 43° 9'25.82"С 70°29'34.05"В

Дата и время проведения общественных слушаний: 02.06.2026 года в 10.00.

Адрес: РК Жамбылская область, Таласский район, город Каратау, ул. Тамды Әулие 11 (Здание бывшего кинотеатра «Авангард»).

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «KARATAU LIME» БИН 240640028044, РК, Жамбылская область, Таласский район, с. Каратау, ул. Арбатас д. 9Б эл.почта: kuzubayev.t@gmail.com тел. +7 705111 66 71.

Составитель проекта: ИП «Пасечная И.Ю.» РК Жамбылская область, г.Тараз мкр.Каратау (2) д.12, кв.31 тел. +77017392827. E-mail: inna_1310@inbox.ru.

С материалами, выносимыми на общественные слушания можно ознакомиться на сайте НБД СОС и ПР (<https://ndbecology.gov.kz>) и на сайте МИО Жамбылской области <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/documents/1?lang=ru>.

Замечания и предложения заинтересованной общественности принимаются на сайте: <https://ndbecology.gov.kz> и по адресу: г.Тараз, проспект Абая, 133а. ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Жамбылской области», эл.почта: s.agabek@zhambyl.gov.kz.

Желающим присоединиться в онлайн формате можно пройти по ссылке на онлайн подключение.

Подключиться к встрече в Qosyl: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=985788893616>. Идентификатор встречи: 985-788-893-616.

МЕНШІК ИЕСІ: "Талас аудандық "TALAS tynysy" газетінің редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

TALAS tynysy
Директор Ғалым ИЕНБЕРГЕН
Бас редактор Дүйсен МОЛДАҚҰЛОВ
нөмірдің кезекші редакторлары
М.ЖАРАС, М.ТАПАЕВА

Телефондар: Бас редактор 4-01-60, бөлім менеджерісі, компьютер орталығы, бухгалтерия 4-01-59.
Газет "TALAS tynysy" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Электрондық пошта - talas-gazet@mail.kz, talastynysy@mail.ru
Газетіміздің сайты - talas-gazet.kz
Индекс: 080800, Қаратау қаласы, Шейн көшесі, №47 үй.
Таралымы **2329** дана Тапсырыс №272
Газет аптасына 2 рет - сейсенбі, жұма күндері шығады.
Газета выходит 2 раза в неделю - во вторник и пятницу.

Компьютерде теріп, беттеген:
П.БАЙМАМИРОВА
Газет "Қанатты қалам әлемі" ЖШС баспасында Д2 форматында басылды.
Мекен-жайы: Тараз қаласы, Төле би көшесі №36 Б

Редакция авторлардың көзқарасы, жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды.

Қазақстан Республикасының ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінің есепке алу туралы 19.07.2019 жылғы №17797-Г куәлігі берілген.